

**«8D01401 - Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Турдалиев Рауан Муратовичтің «Қазақстан Республикасында қазіргі кезеңдегі студенттік спорт дамуының ғылыми-әдістемелік негіздемесі» атты диссертациялық жұмысына**

## **ПІКІР**

**Зерттеудің көкейкестілігі.** Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде айқындалған. Елдің стратегиялық құжаттарында салауатты өмір салтын қалыптастыруға жағдай жасау, жастарды дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысуға тарту, спорттық инфрақұрылымды жетілдіру және спорт резервін даярлау қажеттілігі атап көрсетілген. Осыған байланысты жоғары оқу орындары тек кәсіби мамандар даярлайтын білім беру ұйымдары ғана емес, сонымен қатар дені сау, әлеуметтік белсенді және бәсекеге қабілетті жас ұрпақты қалыптастыратын маңызды әлеуметтік институттар ретінде қарастырылады.

Осы тұрғыдан алғанда студенттік спортты дамыту мәселесі ерекше өзектілікке ие. Себебі студенттік кезең жастардың дене, психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан қарқынды қалыптасу кезеңі болып табылады. Дәл осы уақытта тұрақты дене белсенділігіне, салауатты өмір салтына және спорттық мәдениетке деген қажеттілік қалыптасады. Студенттік спорт жастардың денсаулығын нығайтып қана қоймай, олардың жауапкершілігін, тәртіптілігін және әлеуметтік бейімделу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

**Диссертация құрылымының қысқаша сипаттамасы және оның ерекшеліктері.**

Диссертация кіріспе, үш тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшадан тұрады.

Зерттеудің тұжырымдамалық негізі тұлғалық, іс-әрекеттік, жүйелілік және контексттік тұғырларға сүйенеді.

Р.М.Турдалиевтің докторлық диссертациясында қазіргі кезеңдегі студенттік спорт дамуының шынайы тәжірибесін айқындайтын кең көлемді зерттеу материалдары орын алған.

**ҚР ҒЖБМ философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылатын диссертацияларға қойылатын талаптары шеңберінде автордың қол жеткізген ғылыми нәтижелері.**

1. Диссертант қазақстандық және шетелдік ғылыми әдебиеттердің үлкен көлемін зерделеп, жүйелеу арқылы жоғары оқу орнында қазіргі кезеңде студенттік спортты дамыту мәселесінің заманауи ахуалын айқындаған.

2. «Студенттік спорт» ұғымына жан-жақты сипаттама беріп, ерекшеліктері мен құрылымын анықтап, авторлық позицияда аталмыш категорияның мәнін нақтылаған.

3. Мақсаттық, әдіснамалық, мазмұндық, нәтижелілік блоктарды қамтитын студенттік спорт дамуының құрылымдық- мазмұндық моделін әзірлеген.

4. Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты дамыту үшін әзірленген кешенді жүйесі теориялық тұрғыда жобаланып, эксперимент негізінде апробациядан өткізіліп, тиімділігі дәлелденген.

**Ғылыми нәтижелердің негізділігі мен шынайылық дәрежесі және олардың жаңалығы.**

Зерттеу барысында алынған барлық нәтижелердің сенімділігі мен негізділігі дұрыс тандалған ғылыми -зерттеу және диагностикалық әдістермен қамтамасыз етілген: «Студенттердің спортпен шұғылдану кезінде туындайтын мәселелерін анықтау» сауалнамасы, «Студенттердің дене даярлығының және дене жұмыс қабілеттілігінің бастапқы дәрежесін айқындау» тесті, Дене жұмыс қабілеттілігін анықтау әдісі, «Студенттік спортты дамытудың әдістемелік жолдары» элективті курсы бойынша білімді бағалау тесті.

**Диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы.**

Докторант Р.М. Турдалиев докторлық зерттеу аясында Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты дамыту үшін келесідей кешенді жүйені: «Студенттік спортты дамытудың әдістемелік жолдары» элективті курсы; Студенттердің техникалық-тактикалық даярлық дәрежесін жаңғырту құралдары; ЖОО-ғы студенттік спорт құрылымы мен мазмұнына енгізілген түзетулер әзірлеп, тәжірибеге енгізді.

**Докторлық жұмыстың «8D01401 - Дене шынықтыру және спорт» БББ бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияларға қойылатын ҚР ҒЖБМ талаптарына сәйкестігі.**

Р.М. Турдалиевтің докторлық диссертациясы өз бетінше жазылған, жаңадан алынған ғылыми нәтижелері бар зерттеу болып табылады.

Зерттеудің негізгі нәтижелері ҚР ҒЖБМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ұсынымдарына сәйкес ғылыми жарияланымда көрініс тапқан.

Зерттеудің өзектілігі, жаңашылдығы, алынған теориялық және практикалық нәтижелер негізінде **Р.М. Турдалиевтің «Қазақстан Республикасында қазіргі кезеңдегі студенттік спорт дамуының ғылыми-әдістемелік негіздемесі»** тақырыбындағы жұмысы 8D01401 - Дене шынықтыру және спорт білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылатын диссертацияларға қойылатын ғылыми талаптарға сәйкес келеді және диссертациялық жұмыс ашық қорғауға ұсынуға лайық деп санаймыз.

**Ғылыми кеңесші,  
педагогика ғылымдарының  
докторы, профессор**



22.01.2026

**Ботагариев Т.А.**